

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігінің
Басшысы
2021 жылғы «26» сәуір № 21-1751-2

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Төрағасының
2022 жылғы «30» сәуір
№ 78 бұйрығымен
бекітілді

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
2021-2025 жылдарға арналған
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысымен
2022 жылғы «28» қазанда № 22-4769-4 келісілген
2022 жылғы «7» желтоқсандағы № 283 өзгерістерімен

1-бөлім. Миссия және пайымдау

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) **миссиясы** баға тұрақтылығын және қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету арқылы Қазақстан халқының әл-ауқатын жақсартуға жәрдемдесу болып табылады.

Ұлттық Банктің пайымдауы: Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған тиімді ақша-кредит саясатын жүргізетін және Қазақстан Республикасындағы қаржылық тұрақтылыққа жәрдем көрсететін тәуелсіз орган.

2-бөлім. Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттар және нысаналы индикаторлар

Ұлттық Банк қызметін мынадай басымдықтарды белгілей отырып, 4 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырады.



Ұлттық Банк қызметінің стратегиялық бағыттары бойынша ағымдағы ахуалды, негізгі проблемалар мен тәуекелдерді талдау Ұлттық Банктің жыл сайынғы жылдық есебін қалыптастыру шеңберінде жүргізіледі.

1-стратегиялық бағыт. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету

1. Тиімді ақша-кредит саясаты

Ақша-кредит саясатын дамыту Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарымен, атап айтқанда, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясымен және Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарымен, сондай-ақ Ұлттық Банк Басқармасының 2021 жылғы 5 наурыздағы № 26 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясатының 2030 жылға дейінгі стратегиясымен айқындалады.

Ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында (бұдан әрі – ҚР) баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып қала береді. Ұлттық Банк Басқармасының 2021 жылғы 5 наурыздағы № 26 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясатының 2030 жылға дейінгі стратегиясына сәйкес инфляция бойынша орта мерзімді бағдар 2025 жылдан бастап 3-4% деңгейінде белгіленген. Оған біртіндеп қол жеткізіледі және болашақта осы деңгейде сақталады.

Ресей мен Украина арасындағы қатынастар шиеленісуіне байланысты қалыптасқан геосаяси жағдайдың нәтижесінде сыртқы инфляциялық аяның нашарлауына байланысты Қазақстан экономикасы үшін сыртқы инфляциялық тәуекелдер іске асырылуда. Қазақстанның маңызды экономикалық әріптесі ретінде Ресейге қатысты санкциялар фискалдық ынталандырумен қолдау көрсетілетін ішкі сұраныстың өсуіне байланысты проинфляциялық факторларды шиеленістіре отырып, валюталық және сауда арналары арқылы отандық экономикадағы бағаның жалпы деңгейінде көрініс табады. Жаһандық инфляция шикізат бағасының жоғары болуы, жеткізу тізбегінде сақталып отырған проблемалар аясында жеделдеп келеді, бұл да ішкі бағаларға теріс әсер етеді.

Ұлттық Банктің экономикаға ықпал етудің уақытша кешеуілдеуін ескере отырып, ақша-кредит саясаты саласындағы шаралары инфляциялық процестерді тұрақтандыруға және инфляцияны орта мерзімді перспективада нысаналы көрсеткішке жақындатуға бағытталған.

Базалық мөлшерлеме бойынша қабылданатын шешімдер, сыртқы инфляциялық қысымның біртіндеп төмендеуі және іске асыруға жоспарланған контрциклдік бюджеттік қағидалар аясында инфляция біртіндеп баяулайды. Сыртқы да, ішкі де жаңа күтпеген өзгерістер болмаған кезде инфляция нысаналы дәліздің жоғарғы шекарасына қарай жақындай отырып, 2024 жылдың соңына дейін таргеттелетін дәлізден жоғары болады.

Ұлттық Банк өзінің саясатын инфляцияны орта мерзімді нысаналы бағдар деңгейіне дейін төмендету қажеттілігін ескере отырып жүргізетін болады. Бұл ретте, COVID-19 пандемиясы мен геосаяси күтпеген өзгерістер аясында инфляцияның айтарлықтай өсуін ескере отырып, оның күрт

төмендеуі экономикалық белсенділікке теріс әсер етуі мүмкін.

Базалық мөлшерлемені белгілеу кезінде ең алдымен инфляцияның болжамды деңгейі және инфляциялық күтулер, ішкі қаржы нарығындағы ахуал мен негізгі шикізаттық және халықаралық қаржы нарықтарындағы үрдістер назарға алынатын болады. Қазақстан экономикасының нақты секторының даму динамикасына ерекше мән берілетін болады.

2022 жылғы 13 мамырда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2021 жылғы Жылдық есебін тыңдау жөніндегі отырыста Мемлекет басшысының айтқан инфляция бойынша таргетті қайта қарау жөніндегі ауызша тапсырмасын назарға ала отырып, Ұлттық Банк 2023 жылы қолданыстағы инфляция бойынша таргеттердің ішкі экономикада қалыптасқан жағдайларға және сыртқы ортадағы өзгермелі жағдайларға сәйкестігін бағалау үшін зерттеу жүргізіп, оны кейіннен халықаралық ұйымдармен және сараптамалық қоғамдастықпен талқылайды (Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк, Еуразия қайта құру және даму банкі және т.б.). Зерттеу шеңберінде инфляция бойынша таргеттің әртүрлі типтерінің артықшылықтарын (нүктелі және (немесе) аралық), оның негізделген деңгейін, дәліз аралығын (tolerance band) және басқаларды қарау болжанады.

2. Макроэкономикалық саясатты үйлестіру

Мемлекеттік органдардың үйлестірілген және жүйелі макроэкономикалық саясат жүргізуі Ұлттық Банктің инфляцияны төмендету және тұрақтандыру бойынша күш-жігеріне қолдау көрсетеді.

Ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыру мақсатында Ұлттық Банк ҚР Үкіметінен шығарылатын өнімді әртараптандыру арқылы кейіннен қосылған құнның жаһандық тізбегіне енгізе отырып шикізатқа жатпайтын экспортты ұлғайтуды қамтитын экономикалық саясаттағы сапалы өзгерістерді күтеді. Экспортты әртараптандыру және импортқа тәуелділікті төмендету есебінен мұнайға жатпайтын сауда балансының тапшылығын төмендету экономиканың сапалы және орнықты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Теңгерімді фискалдық саясатты жүргізу үшін ҚР Үкіметі Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 385 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасына сәйкес контрциклді бюджеттік қағидаларды енгізуді 2021 жылы аяқтайды, бұл оны 2023 жылға және одан кейінгі жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде 2022 жылы қолдануға мүмкіндік береді. Бұл мұнайға жатпайтын тапшылықты біртіндеп төмендетуді қамтамасыз етеді және мемлекеттік шығыстың өсуін шектейді.

2021 жылы экономиканы қолдаудың дағдарысқа қарсы шаралары аяқталатынын назарға ала отырып, Ұлттық Банк кейіннен экономикалық

ахуалды және экономиканы мемлекеттік қолдау бағдарламаларын іске асыру үшін қаражат бөлу қажеттілігін мұқият қадағалауды жалғастырады. Ұлттық экономиканың қалпына келуіне қарай 2023 жылдан бастап Ұлттық Банк экономиканы қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын қаржыландырудан кезең-кезеңімен шыға бастайды және күш-жігерін кредиттеудің нарықтық қағидаттарын дамыту үшін қажетті жағдайлар жасауға бағыттайды. Экономиканы мемлекеттік қолдау қажет болған кезде республикалық бюджет және ұлттық даму институттары арқылы іске асырылатын болады.

2021 жылғы 23 ақпандағы 2021-2023 жылдарға арналған макроэкономикалық саясат шараларын үйлестіру туралы келісім ҚР Үкіметінің, Ұлттық Банктің және ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) іс-әрекеттерін үйлестірудің тиімді негізі болып табылады.

2-стратегиялық бағыт. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу

1. Қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін бағалау және басқару

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу шеңберінде Ұлттық Банк қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдеріне мониторинг жүргізеді және оларды бағалайды.

Бұл міндетті тиімді іске асыру ақша-кредит және фискалдық саясатты үйлестіру, қаржы секторын реттеу мен қадағалау үшін Ұлттық Банктің басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде мүмкін болады. Осыған байланысты өзара іс-қимылды арттыру мақсатында 2020 жылдан бастап қаржылық тұрақтылық және жүйелік тәуекелдерді төмендету мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылдың алқалы органы ретінде ҚР қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңестің рөлі заңнамалық тұрғыдан күшейтілді.

Пандемиядан кейінгі кезеңде, экономиканың қалпына келуіне қарай, тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіру және оларды барынша азайтуға бағытталған шараларды іске асыру аса маңызды болып табылады. Осы орайда, 2023 жылға дейін қаржылық тұрақтылық үшін тәуекелдерді бағалаудың ақпараттық-талдау құралдары күшейтіледі.

Ұлттық Банк Агенттікпен бірлесе отырып стресс-тестілеудің ұлттық жүйесін дамыту бойынша жұмыс жүргізеді, талдамалық өзара іс-қимыл мен ақпарат алмасу мәселелерін қоса алғанда, басшылыққа алынатын қағидаттар бекітіледі.

Кейіннен банк секторында не оның жекелеген сегментінде тәуекелдердің тез жинақталу фактісі анықталған кезде мүдделі тараптарды тиімді хабардар ету және қажет болған жағдайда, шаралар әзірлеу үшін тиісті

ақпарат ҚР қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңестің отырысына шығарылады.

Ұлттық Банк өз мандаты шеңберінде қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесуді жалғастырады. Атап айтқанда, жыл сайынғы негізде меншікті капиталдың жеткіліктілігіне тиісті талаптарды қолдана отырып, қаржы институттарын талдау, сәйкестендіру және жүйелік маңызы бар қаржы институттарының тізіміне жатқызу жөніндегі жұмыс жүргізіледі.

Ұлттық Банк сенімді қолдау және салымшылар кетуінің жүйелік тәуекелін төмендету тетігінің ажырамас элементі ретінде депозиттерге кепілдік беру жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қолдау бойынша жұмысты жалғастыратын болады. Арнайы резервтің жеткіліктілігін қамтамасыз ету «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының депозиторлардың мүдделерін қорғау және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу жөніндегі функцияларын орындауында айқындаушы рөлге ие болады.

Ұлттық Банк Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын іске асыру шеңберінде кірістерді жылыстатуға пайдалану тәуекелдерін төмендету үшін алдын алу шараларын қабылдау мақсатында қадағаланатын субъектілердің қызметін реттеу саясатын жетілдіретін болады. Мұндай субъектілерді тексеру қаржы нарығын тұрақсыздандыру тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді.

2. Тиімді валюталық реттеу мен валюталық бақылау

Ұлттық Банк елдің ішкі валюта нарығын одан әрі тұрақтандыру жөніндегі шараларды қабылдауды жалғастырады. Резиденттердің сыртқы экономикалық операциялары шетел валютасына ішкі ұсыныс пен сұраныстың негізгі көзі болып табылатындығын ескере отырып, валюталық бақылау шеңберінде бейрезиденттердің валюталық келісімшарттар бойынша міндеттемелерін орындауын және резиденттердің контрәріптестерден алынуға жататын ақшаны елге репатриациялау талаптарын орындауына мониторинг жүргізуге ерекше назар аударылады.

Қойылған міндеттер аясында қаржы ұйымдарының валюталық бақылау агенттерінің жүктелген функцияларын тиісінше орындауының маңызды мәні бар. Тиісінше, Ұлттық Банк ҚР заңдарына сәйкес уәкілетті банктерге қатысты тексерулер нысанында және бақылаудың өзге де нысандарында бақылауды күшейту¹ қажет. Уәкілетті банктерді валюталық бақылау мәселелері бойынша

¹ «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі ҚР Заңының 1-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес уәкілетті банктер - валюталық операцияларды, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүргізетін, Қазақстан Республикасында құрылған банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (уәкілетті ұйымдарды қоспағанда), сондай-ақ шетелдік банктердің Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдары.

тексеру субъектілер реттеушінің барлық талаптарын орындауға мүмкіндігі болатын субъектілердің қызметін реттеу мен бақылаудың тиімді жүйесін енгізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ұлттық Банк 2021 жылдан бастап уәкілетті банктердің және олардың клиенттерінің валюталық заңнама талаптарын тиісінше сақтауы тұрғысынан кемінде үш уәкілетті банктерді дербес тексеруді (тәуекелдер дәрежесін бағалау негізінде) жүзеге асырады. Аталған сан ағымдағы күні екінші деңгейдегі банктердің санынан 10%-дан астамын құрайды. Ішкі қолма-қол шетел валютасы нарығын тұрақтандыру шеңберінде қызметін Ұлттық Банктің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына берілген лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғалардың (бұдан әрі – уәкілетті ұйымдар) ҚР валюталық заңнамасының талаптарын сақтауын бақылау бойынша жұмыс жалғастырылады. Ұлттық Банк 2021 жылдан бастап тәуекелдер дәрежесін бағалау негізінде жыл сайынғы (жоспарлы) тексерулерімен уәкілетті ұйымдардың кемінде 40%-ын қамтиды.

ҚР Үкіметі Ұлттық Банкпен бірлесіп, капиталды елден заңсыз шығаруға қарсы іс-қимыл тетігінің заңнамалық негізін қалады. Мүдделі мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын, оның ішінде ақпаратқа қол жеткізуді өзара ұсыну және ақпараттық жүйелерді интеграциялау, сондай-ақ айқын экономикалық мәні жоқ экспорттық-импорттық операцияларды (күдікті операциялар) талдау арқылы кеңейту көзделген.

2021 жылы Ұлттық Банк пен ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелерін бірқатар бағыттары бойынша интеграциялауды аяқтау жоспарланып отыр.

2021-2022 жылдары ҚР Қаржы мониторингі агенттігімен күдікті валюталық операциялар бөлігінде ақпарат тізбесін және онымен алмасу үшін құқықтық негіздерді нақтылау бойынша жұмыс жүргізілетін болады, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді тиісті ықпалдастыруды жүргізу бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Қазіргі уақытта Ұлттық Банктің валюталық операциялар жөніндегі ақпараты негізінде күдікті операцияларды талдау бойынша жұмыс басталды, ақпараттық жүйелерді ықпалдастыру аяқталғаннан кейін аталған талдауды жаңа деректер алу есебінен кеңейту жоспарлануда.

3-стратегиялық бағыт. ҚР Ұлттық қорының активтерін және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі – БЖЗҚ) зейнетақы активтерін тиімді басқару

1. ҚР Ұлттық қорының активтерін одан әрі әртараптандыру

ҚР Президентінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 385 жарлығымен бекітілген ҚР Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасына (бұдан әрі – Тұжырымдама) сәйкес, ұзақ мерзімді перспективада тәуекелдің қалыпты деңгейінде ҚР Ұлттық қорының

кірістілігін арттыру мақсатында Ұлттық Банк ұзақ мерзімді күтілетін кірістілікті арттыруға бағытталған ҚР Ұлттық қорының жинақ портфелінің активтерін консервативті бөлуден (80% облигацияларда және 20% акцияларда) теңгерімді аллокацияға көшу бойынша жұмыс жүргізуде.

Тұжырымдаманы ескере отырып, 2023 жылдан бастап жинақ портфелінің жаңа стратегиялық бағдарларында активтерді мынадай бөлу:

дамыған елдердің акциялар портфелінің үлесін 27-33%-ға дейін ұлғайту;
балама құралдар портфеліне 4-5%-ға дейін және алтын портфеліне 4-5%-ға дейін аллокациялау;

дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелінің үлесін 19-23%-ға дейін ұлғайту;

корпоративтік облигациялар портфелінің үлесін 8-12%-ға дейін ұлғайту көзделеді.

Ұзақ мерзімді күтілетін кірістілікті арттыру мақсатына қол жеткізу және тәуекелдің қалыпты деңгейін ұстап тұру үшін 2022 жылдың соңына дейін жинақ портфелі активтерінің жаңа стратегиялық аллокациясына көшуді аяқтау жоспарлануда. Бұдан әрі Ұлттық Банк активтерді теңгерімді стратегиялық бөлуді ұстанатын болады, оған көшу болашақ ұрпақ үшін қаражат жинақтау жөніндегі міндетті шешуге бағытталған.

Бұлай көшу ҚР Ұлттық қорының активтерін бизнес-секторлар, активтер сыныптары және елдер бойынша әртараптандыруды көздейді, бұл жекелеген активтерге тән ерекше тәуекел деңгейін барынша ықшамдауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, 2023 жылға және одан кейінгі жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде контрциклді бюджеттік қағиданы енгізу ҚР Ұлттық қорынан берілетін трансферттер есебінен бюджеттің мұнайға жатпайтын тапшылығын қаржыландыруды қысқарту арқылы ҚР Ұлттық қорының жинақтау функциясын күшейтуге мүмкіндік береді.

2. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігін арттыру

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына Мемлекет Басшысының тапсырмаларын іске асыру шеңберінде енгізілген түзетулерге сәйкес 2021 жылдан бастап БЖЗҚ салымшыларына зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайларын жақсарту, емделу ақысын төлеу және инвестициялық портфельді басқарушылардың басқаруына беру үшін мерзімінен бұрын пайдалану құқығы ұсынылды. Салымшылардың көзделген мақсаттарға қаражат алу жөніндегі талаптарын уақтылы орындау үшін Ұлттық Банк өтімділікті қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдайтын болады. Ұлттық Банк Агенттікпен бірлесіп БЖЗҚ жүзеге асыратын қаражатты беруге, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруге, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушылардың инвестициялық қызметіне мониторинг жүргізуге қатысатын болады. Ұзақ мерзімді келешекте зейнетақы активтерінің кірістілігін арттыру мақсатында

Ұлттық Банк зейнетақы активтерін сенімгерлік басқарушылардың бірі ретінде теңестірілген инвестициялық саясатты, оның ішінде зейнетақы активтері портфелін әртараптандыру есебінен жүзеге асыруды жалғастырады.

Ұлттық Банк зейнетақы активтерін нарықтық талаптармен инвестициялауды жалғастырады, бұл зейнетақы жинақтарының әділ кірістілігін қамтамасыз етеді.

Бұдан әрі портфельдің үштен бір мөлшерінде валюталық активтердің үлесін ұстап тұру жоспарланып отыр, бұл валюталық портфельді стратегиялық бөлуде көзделген активтердің жаңа сыныптарын ұлғайту есебінен ұзақ мерзімді келешекте зейнетақы активтерінің өтімділігі мен кірістілігін арттыруға ықпал ететін болады.

Валюталық портфельді стратегиялық бөлу зейнетақы активтерін активтердің негізгі шетелдік сыныптарына инвестициялауды көздейді. Нысаналы құрылымға сәйкес валюталық портфельдің төрттен бір бөлігі жаһандық акцияларға инвестицияланады, себебі тарихи жағынан, жоғары құбылмалылыққа қарамастан, акциялар бойынша кірістілік активтердің басқа сыныптары бойынша кірістіліктен айтарлықтай асып түседі. Дамушы нарықтардың облигацияларына және жоғары капиталдандыруы бар инвестициялық деңгейдегі эмитенттердің корпоративтік облигацияларына валюталық портфельдің тиісінше 25% және 20% инвестициялау жоспарлануда. Басқа активтер бойынша құбылмалылықты өтеу үшін валюта портфелінің 30%-ын дамыған елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарына инвестициялау жоспарланып отыр.

4-стратегиялық бағыт. Қаржы секторының инфрақұрылымын құру және қаржылық технологияларды дамыту

1. Қаржы нарығында қаржылық технологиялар мен инновацияларды енгізу

Қазақстанның қаржы нарығы цифрлық трансформация процесінде тұр, жаңа қаржылық технологияларды енгізудің базалық деңгейі ретінде негізгі IT-архитектураны құруға назар аударып отыр.

Қаржылық технологиялар нарығында инновацияларды ынталандыру үшін кері байланысты шұғыл алатын және нарыққа қатысушылармен бірлесіп шешімдер қабылдайтын Ұлттық Банк жанындағы жұмыс топтарының қызметі күшейтіледі.

2021 жылы SupTech, RegTech (электрондық құжат айналымы, Open API, ұсақ деректерді жинау) технологияларын дамыту үшін архитектуралық және әдіснамалық негіздер қалыптастырылды. Технологиялардың жұмыс істеуінің ағымдағы инфрақұрылымдық, реттеушілік және ұйымдастырушылық жағдайларына бағалау жүргізілді.

Қаржы нарығына қатысушылар арасында жедел және қауіпсіз өзара іс-

қимылды қалыптастыру бойынша одан әрі технологиялық даму мақсатында 2022 жылы Open API стандарттарын әзірлеу, қаржы ұйымдарының Open API-ді ынталандыру және дамыту шараларын айқындау жөніндегі іс-шаралар жоспарланған, сондай-ақ ҚР-да Open API-ді енгізу үшін ұжымдық кросс-индустриялық орган құру көзделген.

2023 жылы Open API енгізудің негізгі тәсілдерін айқындау және Open Banking үшін қажетті реттеуші, инфрақұрылымдық базаны жаңартуға және оңтайландыруға бағытталған қызмет қосымша жоспарланып отыр.

Осы бастаманы іске асыру қаржы нарығының қатысушылары мен өзге де мүдделі тараптар арасындағы ықпалдастықты қамтамасыз етуге, сервистерді қосудың бірыңғай стандарттарын енгізу есебінен ықпалдастыққа қаржы саласының шығасыларын қысқартуға, ақпараттық қауіпсіздікті және салаға қатысушылардың дербес деректерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұтынушылар үшін жаңа бизнес модельдер мен сервистерді құруға қаржы нарығын ынталандыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық инфрақұрылымды дамыту шеңберінде 2024-2025 жылдары автоматты форматта толық транзакциялық деректерді жинау есебінен қаржы нарығы субъектілерінің міндетті матрицалық (біріктірілген) есептілігі көрсеткіштері көлемінің кемінде 70%-ын қысқарту жоспарлануда.

Осылайша қаржы ұйымдарының реттеушілік талаптарды орындауын жеңілдету үшін пайдаланылатын RegTech-технологияларын және қаржы нарығына қатысушылардың қызметін реттеу мен қадағалаудың тиімділігін арттыру үшін қаржы нарығында реттеушілер пайдаланатын SupTech-технологияларын жүйелі дамыту ҚР қаржы жүйесінің жаңартылған цифрлық форматта жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2. Ұлттық төлем жүйесін дамыту және қолма-қол ақша айналысын ұйымдастыру

Ұлттық төлем жүйесін дамыту шеңберінде Ұлттық Банк 2 негізгі компонентті – Лездік төлемдер жүйесін және төлем карточкаларына қызмет көрсетуге арналған Банкаралық жергілікті жүйені енгізеді.

Оларды іске қосу үшін 2021 жылы кезең-кезеңімен ұйымдастырушылық-технологиялық негізді (платформа) қалыптастыру жүзеге асырылуда, 2022 жылы оларды толық ауқымда енгізу, төлем жүйелерінің ISO20022 халықаралық хабарлар стандартын және QR-кодтың жалпы форматын пайдалануға көшуі жүзеге асырылады. 2023-2025 жылдары қаржы институттарының операциялық өзара іс-қимылы үшін интеграцияланған «цифрлық» орта құру арқылы ұлттық төлем жүйесі негізінде жаңа төлем сервистерін және оларды көрсету стандарттарын дамыту жоспарлануда.

Аталған шараларды іске асыру жөніндегі жүйелі жұмыс елдің ішкі есеп айырысуларының үздіксіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, экономика субъектілері арасындағы төлемдердің өтуін жеделдетуге, төлем нарығына қатысушылардың жиынтық шығасыларын азайтуға мүмкіндік береді, бұл

сайып келгенде қолма-қол ақшасыз төлемдердің көбеюіне, халық пен бизнес үшін қаржылық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыруға, сондай-ақ көлеңкелі экономиканың мөлшерін азайтуға алып келеді.

ҚР ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының жалғыз эмитенті функциясын жүзеге асыру шеңберінде Ұлттық Банк экономика субъектілерінің қолма-қол ақшаға қажеттілігін қамтамасыз етуді, ҚР аумағында қолма-қол ақша айналысын ұйымдастыруды, банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың резервтік мемлекеттік қорларын құруды, сондай-ақ айналыстағы қолма-қол ақшаның тиісті сапасын, Ұлттық валютаның ақша белгілерін қорғаудың жоғары дәрежесін қамтамасыз етуді жалғастырады.

Коллекциялық және инвестициялық монеталар нарығын дамыту мақсатында монеталарды дайындау технологияларының жаңа түрлерін қолдану жоспарлануда.

Нысаналы индикаторлар

№	Нысаналы индикатор	Жауапты	Өлшем бірлігі	Дерек 2019 жыл	Жоспар 2020 жыл	Дерек 2020 жыл	Жоспарлы кезең				
							2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1-стратегиялық бағыт. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету											
1.1-мақсат. Тиімді ақша-кредит саясаты											
1	Инфляция деңгейі, %	А.М. Баймағамбетов, Төрағаның орынбасары	%	5,4%	8,0-8,5%	7,5%	4-6%	16-18% ²	7,5-9,5% ²	4-5%	3-4%
2	Жалпы халықаралық резервтер (Халықаралық валюта қорының ең төменгі ұсыныстарынан жоғары)	Ә.М. Молдабекова, Төрағаның орынбасары	тауарлар мен қызметтер импорты айларында	6,8 ай	кемінде 5 ай	9,5 ай	8,7 ай	кемінде 5 ай	кемінде 5 ай	кемінде 5 ай	кемінде 5 ай
1.2-мақсат. Макроэкономикалық саясатты үйлестіру											
3	Ұлттық Банктің экономиканы мемлекеттік қолдау бағдарламаларын қаржыландыруға қатысуы	В.А. Тугушкин, Төрағаның орынбасары	Бағдарламалар саны	2		5	5	1	1	0	0
3.1	Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы			0		1	1	0	0	0	0
3.2	«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы			1		1	1	1	1	0	0
3.3	Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы			0		1	1	0	0	0	0
3.4	2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық даму бағдарламасы			0		1	1	0	0	0	0

² *2022-2023 жылдарға 2022 жылғы жазғы болжамды раундтың қорытындылары бойынша инфляция болжамы көрсетілген.

3.5	Отандық өндірістің жеңіл автокөліктерін сатып алушыларды кредиттеу бағдарламасы			1		1	1	0	0	0	0
2-стратегиялық бағыт. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу											
2.1-мақсат. Қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін бағалау және басқару											
4	Жарғылық капиталды ескере отырып, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының арнайы резервінің деңгейі	А.М. Баймағамбетов, Төрағаның орынбасары	%	7,7%	5%	6,6%	5%-10%	5-10%	5-10%	5-10%	5-10%
2.2-мақсат. Тиімді валюталық реттеу және валюталық бақылау											
5	ҚР валюталық заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулермен қамтылған уәкілетті банктердің үлесі	В.А. Тутушкин, Төрағаның орынбасары	%	-		8%	кемінде 10%	кемінде 10%	кемінде 10%	кемінде 10%	кемінде 10%
6	Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулермен қамтылған қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына Ұлттық Банктің лицензиясы негізінде қызметін тек айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үлесі	Д.В. Вагапов, Төрағаның орынбасары	%	44,1%		44,7%	кемінде 40%	кемінде 40%	кемінде 40%	кемінде 40%	кемінде 40%
3-стратегиялық бағыт. ҚР Ұлттық қорының активтері мен БЖЗҚ зейнетақы активтерін тиімді басқару											
3.1-мақсат. ҚР Ұлттық қорының активтерін одан әрі әртараптандыру											
7	ҚР Ұлттық қорының жинақ портфелін бөлу	Ә.М. Молдабекова, Төрағаның орынбасары	%								
7.1	Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелінің үлесі			2,3%		3,1%	12%-ға дейін	21%-ға дейін	19-23%	19-23%	19-23%
7.2	Корпоративтік облигациялар портфелінің үлесі			0,9%		2,8%	6%-ға дейін	10%-ға дейін	8-12%	8-12%	8-12%
7.3	Дамыған елдердің акциялар портфелінің үлесі			24,6%		27,1%	кемінде 26%	кемінде 30%	27-33%	27-33%	27-33%

7.4	Баламалы құралдар портфелінің үлесі			0,0%		0,0%	5%-ға дейін	5%-ға дейін	4-5%	4-5%	4-5%
7.5	Алтын портфелінің үлесі			1,9%		4,4%	5%-ға дейін	5%-ға дейін	4-5%	4-5%	4-5%
3.2-мақсат. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің табыстылығын арттыру											
8	Соңғы 5 жылда БЖЗҚ зейнетақы активтерінің орташа жылдық кірістілігі, %	Ә.М. Молдабекова, Төрағаның орынбасары	%	9,8%		8,9%	Соңғы 5 жылдағы инфляцияның орташа жылдық деңгейінен төмен емес				
4-стратегиялық бағыт. Қаржы секторының инфрақұрылымын құру және қаржы технологияларын дамыту											
4.1-мақсат. Қаржы нарығында қаржылық технологиялар мен инновацияларды енгізу											
9	Қаржы технологиялары мен инновацияларды дамыту жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде іске асырылған стратегиялық бастамалар коэффициенті	Б.Ш. Шолпанқұлов, Төрағаның орынбасары	%	-		-	57,7%	кемінде 90%	кемінде 90%	кемінде 90%	кемінде 90%
4.2-мақсат. Ұлттық төлем жүйесін дамыту және қолма-қол ақша айналымын ұйымдастыру											
10	Халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдері	Б.Ш. Шолпанқұлов, Төрағаның орынбасары	бөлшек сауданың жалпы көлеміне %	45%	45%	57%	50%	75%	76%	77%	78%